

ББ 6В07220 – Жаңа материалдарды өңдеуге арналған машиналар мен технологиялар

Білім беру бағдарламасының мақсаты - Ғылыми және инженерлік міндеттерді табысты шешу үшін, сонымен қатар даму деңгейін бақылап ескере отырып, материалдарды өңдеу саласындағы ғылыми және инженерлік мәселелерді шешуге қабілетті жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау. Бағдарлама прогрессивті, қор үнемдейтін және экологиялық таза технологиялық процестерді жобалауға және енгізуге, инновациялық жұмыспен қамтуын дамытуға, сондай-ақ ТДМ-рын іске асыра отырып жоғары сапалы, қолжетімді және тәжірибеге бағытталған оқытуды қамтамасыз етеді.

Даму жоспары

1. Оқу жоспарын жаңарту және дамыту:

- Машина жасауда дайындамаларды дайындау кезінде аддитивтік өндіріс курстарына, жаңа композициялық материалдарға, наноматериалдарға баса назар аудара отырып, пәндерді жаңарту.
- Life Cycle Assessment (өмірлік циклді бағалау) және қор үнемдеу бойынша практикалық жұмыстар.

2. Кадрлық әлеуетті дамыту

- Оқытушылардың біліктілігін арттыру жетекші кәсіби ғылыми орталықтарда және кәсіпорындарда.
- Пәндер мен мастер-класстарын жүргізуге сала бойынша мамандар мен практиктерді тарту.

3. Ғылыми-зерттеу және жобалық қызмет

- Студенттерді ҒЗЖ-ға бірінші курстардан бастап тарту.
- Жобалау және зерттеу жұмыстарының конкурстарын ұйымдастыру.
- Жобалық оқыту аясында студенттік стартаптарды дамыту.

4. Халықаралық ынтымақтастық

- Қос дипломдық бағдарламаларын және академиялық ұтқырлық алмасуын құру.

5. Индустриямен өзара байланысы

- Кәсіпорындарда тәжірибелер мен тағылымдамалар жүйесін дамыту.
- Өндірістермен бірлесіп студенттердің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жобаларға қатысуы.

ББ дамыту тиімділігін бағалау

- Студенттерге, түлектерге және жұмыс берушілерге жүйелі түрде сауалнама жүргізу.
- Түлектердің кәсіби жетістіктерін талдау.
- Ғылыми жобаларды тәжірибеге енгізу деңгейі.

"Жаңа материалдарды өңдеу машиналары мен технологиялары" ББ бірегейлігі

1. Жаңа және перспективалы материалдарға назар аудару

Бағдарлама жаңа материалдарды - наноструктуралық, композициялық, ақылды материалдарды өңдеу технологияларын игеруге бағытталған, бұл түлектерді жоғары технологиялық салаларда ерекше сұранысқа ие етеді.

2. Кешенді инженерлік дайындық

ББ фундаменталды ғылыми базаны лазерлік, плазмалық, ультрадыбыстық және аддитивтік өңдеу әдістерін қоса алғанда, прогрессивті технологиялық процестерді жобалау мен практикалық дағдыларымен қатар енгізе отырып үйлестіреді.

3. Тұрақты дамуға бағдар жасау

Студенттердің экологиялық бағытталған ойлауы мен қорларды үнемдейтін технологияларды енгізу дағдыларын дамыту жаһандық Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ), соның ішінде қалдықтарды азайту мен энергия тиімділігін арттыруға сәйкес келіп қалыптастырады.

4. Инновациялық жұмыспен қамтуды дамыту

ББ студенттерді ғылыми зерттеулерге, стартаптарға және жобалық қызметке тартуға ықпал етеді, бұл кәсіпкерлік құзыреттерді дамытады және жаңа технологиялық шешімдерді құруды ынталандырады.

5. Ғылым мен өндірістің интеграциясы

Түлектер инженерлік тәжірибеде ғана емес, сонымен қатар ғылыми талдау, оның ішінде модельдеу әдістері, материалдар құрылымын талдау және технологиялық процестердің сапасын бақылау дағдыларына ие.

6. Нарықтағы икемділік пен сұраныс

Бағдарлама машина жасау, энергетика, автомобиль жасау және жаңа материалдар қолданылатын және жоғары дәлдікпен өңдеуді қажет ететін басқа салаларда сұранысқа ие білім мен дағдыларды қамтамасыз етеді.

.